

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (1)

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразак Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендирович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидаар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY

Published in the Kazakhstan
Otan tarihy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 1, pp. 144-162, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_144-162

TO THE QUESTION ABOUT NAUS MYNTOBE

Muzaffer Gursoy¹, Bagdaulet S. Sizdikov^{2*}, Ali A. Seraliyev³


¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (№26 B. Sattarhanov St., Turkestan 161200, Kazakhstan)

Dr. Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz


²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (26, Sattarhanov St., Turkestan 161200, Kazakhstan)

Dr. Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

³L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpayev St., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)

Doctoral student

 <https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: ali.seraliyev@mail.ru

© IHE named after Ch.Ch.Valichanov, 2023

© Gursoy, Sizdikov, Serdaliyev, 2023

Annotation. *Introduction.* The south of Kazakhstan is one of the most unique regions, located at the intersection of settled and nomadic cultures. In this region, in the II - VI centuries BC, kangli tribes settled and formed their own culture. These tribes inhabited the Valley of the Talas River, the foothills of the Karatau, the Tashkent wide area, the Syrdarya, Kuandariya and Zhanaidariya regions. The researchers divided the culture of the Kangly tribes into three groups depending on the area of residence: Kaunchin, Otyrar-Karatau, and Zhetyasar. Archaeologists who conducted research into the definition and distribution of these cultures have collected valuable information about the funerary traditions and funerary structures of the kangly. Along with the catacombs, burials in round or rectangular naus were also recorded, opinions were expressed about the purpose of the naus, namely: the naus are not the place of the final burial, they serve as a place for leaving the corpse until its complete natural skeletonization. *Purpose and objectives.* The article deals with a round naus found in the Myntobe burial ground in the south of the village of Gani Muratbaev, Keles district. *Results.* Information about the architectural features, dimensions, and building materials of the naus is given. The theoretical part of the article consists of information about the function of the naus, as well as research conducted at the Myntobe burial ground. *Conclusions.* Research methods are based on work with monographs, articles, archival materials, search for analogs, comparison, systematization, analytical analysis, and mapping of the burial ground.

Keywords: Burial ground, naus, kurgan, burial tradition, kangli, Keles, Myntobe, dromos, archaeology.

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Research of mounds in the lower reaches of the Keles River in the framework of Archaeological and Interdisciplinary Sciences» (Registration number AP13068455).




For citation: Gursoy M., Sizdikov B.S., Seraliyev A.A. About the sagana in the Myntobe // Otan tarikhy. 2023. T. 26. № 1. С. 144-162. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_144-162

МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА

Музаффер Гурсой¹, Багдаулет Сапарбайұлы Сиздиков^{2}, Али Алимбекұлы Сералиев³*


¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz


²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (№2 Сатпаев көшесі, 010000 Астана, Қазақстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: ali.seraliyev@mail.ru

Андатпа. *Kіріспе.* Қазақстанның оңтүстігі отырықшы және көшпелі мәдениеттердің тоғысқан тұсында орналасқан ерекше аймақтардың бірі. Бұл өңірде б.з.б. II - б.з. VI ғасырларында қаңлы тайпалары мекендеп өз мәдениетін қалыптастырған. Қаңлылар Талас өзені аңғарын, Қаратаудың етектерін, Ташкент жазирасын, Сырдария, Қуандария және Жаңадария аймақтарын мекендеген. Зерттеушілер қаңлы тайпаларының мәдениетін өмір сүрген аймағына қарай қауыншы, отырар – қаратау және жетіасар деп үшке бөлген. Осы мәдениеттердің таралу аймағында зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтар қаңлылардың жерлеу дәстүрі және қабір құрылымдары жөнінде құнды деректер жинақтаған. Қайтыс болғандардың катакомб қабірмен қатар шеңбер немесе төртбұрыш пішінді наустарға жерлегендігін анықтап функциясы жөнінде өз пікірлерін ұсынған. Бұл бойынша наустар мәңгілік жерлеу орны емес мәйіттердің еті сүйегінен ажырағанға дейін жататын нысаны ретінде қарастырылған. Дегенмен Келес ауданы, Ғани Мұратбаев ауылының оңтүстігіндегі Мыңтөбе қорымында 2022 жылы №6 обада анықталған шеңбер пішінді наустағы (№2 наус) жерлеу бұл пікірге қайшы түсетін сияқты. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Мақаланың теориялық бөлімінде тақырыпқа байланысты ұғымдар, наустардың пайда болуына байланысты пікірлер, наустардың пішіні мен архитектуралық ерекшелігі, наустарды мерзімдеу мәселесі талқыға салынған. *Нәтижелер.* Осыдан кейін Мыңтөбе қорымында жүргізілген зерттеулермен қатар осы қорымдағы №1 және №2 наустардың архитектуралық ерекшелігі, өлшемі және құрылыс материалы жайында ақпар берілген. *Қорытынды.* Бұлар Қазақстан және Өзбекстандағы басқа наустармен салыстырылған. Зерттеу әдісі ретінде кітап, мақала, архив материалдармен жұмыс жасау, аналогтар іздестіру, салыстыру, жүйелеу, аналитикалық талдау жасау және қорымның картасын жасау сынды жұмыстар негізге алынған.

Кілт сөздер: қорым, наус, оба, жерлеу дәстүрі, қаңлы, келес, мыңтөбе, дромос, археология.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP13068455).

Дәйексөз үшін: Гурсой М., Сиздиков Б.С., Сералиев А.А. Мыңтөбе наусы хақында // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 1. С. 144-162. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_144-162


К ВОПРОСУ О НАУСАХ МЫНТОБЕ

Музаффер Гурсой¹, Багдаулет Сапарбайевич Сиздиков^{2}, Али Алимбекович Сералиев³*

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)




PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz


²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)

PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

³Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева (д. 2, ул. Сатпаева, 010000 Астана, Республика Казахстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: ali.seraliev@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Юг Казахстана – один из самых уникальных регионов на стыке оседлой и кочевой культур. В этом регионе во II в до н.э. – VI вв. н.э. племена канглы сформировали свою культуру. Эти племена населяли долину реки Талас, предгорья Каратау, Ташкентский оазис, Сырдарьинскую, Куандарьинскую и Жанадарьинскую области. Исследователи разделили культуру племен канглы в зависимости от района проживания на три группы: каунчинскую, отыраро-каратаускую и жетыасарскую. Археологи, проводившие исследования в области определения и распространения этих культур, собрали ценные сведения о погребальных традициях и погребальных сооружениях канглы. Наряду с катакомбными погребениями зафиксированы захоронения в круглых или прямоугольных в плане «наусах», высказаны мнения по поводу предназначения наусов, а именно: наусы не являются местом окончательного захоронения, они служат местом оставления трупа до его полной естественной скелетизации. *Цель и задачи исследования* В статье рассматривается круглый по форме наус, обнаруженный в могильнике Мынтобе на юге села Гани Муратбаев Келесского района. *Результаты.* Дана информация об архитектурных особенностях, размерах и строительных материалах науса. Теоретическая часть статьи состоит из сведений о функции науса, а также исследованиях, проведенных на могильнике Мынтобе. *Выводы.* Методы исследования основаны на работе с монографиями, статьями, архивными материалами, поиске аналогов, сопоставлении, систематизации, аналитическом анализе и картировании могильника.

Ключевые слова: могильник, наус, курган, погребальный обряд, канглы, Келес, Мынтобе, дромос, археология.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Исследование археологических курганов нижнего течения реки Келес в контексте археологических и междисциплинарных исследований» (регистрационный номер: AP13068455).

Для цитирования: Гурсой М., Сиздигов Б.С. Сералиев А.А. К вопросу о сагана (склеп) Мынтобе // Отан тарихы. 2023. Т. 10. № 1. С. 144-162. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_144-162

Кіріспе. Мақалаға арқау болып отырған Мыңтөбе қорымы Келес өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Зерттеулерде бұл қорым қаңлы мәдениеті шеңберінде қарастырылған (Подушкин, Донец, 2018: 99; Подушкин, 2000: 32-33). Сондықтан мақалаға кіріспес бұрын қаңлы тайпаларына, мәдениетіне, шаруашылығына, қол өнері мен жерлеу дәстүріне қысқаша тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Қазақстан тарихы кітаптарында «Халықтардың ұлы қоныс аударуынан» кейін Усун, Янцай және Қаңлы мемлекеттерінің қалыптасқандығы айтылады. Қаңлылар билік құрған кезде мемлекетінің аумағы Талас өзені аңғарын, Қаратаудың етектерін, Ташкент жазирасын, Сырдария, Куандария және Жаңадария аймақтарын алып жатты. Күші шарықтау шегіне жеткен кезінде оған Сусе, Фумо, Цзи, Юйни, Юйцзянь сияқты бес иелікпен қатар Янцай бағынды. Дегенмен қаңлылардың орналасу мәселесі әлі күнге дейін нақтыланбаған. Жоғарыда аталған аймақтарда қаңлылар өз мәдениетін қалыптастырған. Зерттеушілер оны орналасқан аймағына қарай қауыншы, отырар – қаратау және жетіасар мәдениеттері деп үшке бөлген. Біз қарастырып отырған аймақ қауыншы мәдениеті ареалына кіреді.



Келес өңірі ұзақ жылдар бойы көшпелі және отырықшы мәдениеттердің басын қосқан аймақ болды. Сондықтан бұл өңірде қаңлы кезеңі тұрғындары қамалды қалалар соғып, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар суармалы егіншілікпен айналысқан. Мұны бұрынғы қалалардың үйінділерімен біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Шыршық өзенінің оң жағалауынан қазылған 20 шақырым ұзындығындағы Зах каналы дәлелдей түседі.

Қаңлылар қолөнер бағытын да белгілі дәрежеде дамыта түсті. Археологиялық деректер керамика жасау ісі, темір ұсталығы, зергерлік өнер, сүйек ұқсату өнері, тоқыма ісі және т.б. қолөнер түрлері бойынша өз шеберлерін қалыптастырғандығын аңғартады. Әсіресе археологиялық табылымдар жергілікті жерде металлургия өндірісінің айтарлықтай қолға алынғандығын көрсетеді. Ташкент оазисіндегі қалалар мен қоныстар металлургия өндірісінің ірі орталықтары ретінде белгілі болды. Аталмыш өңір біз қарастырып отырған Мыңтөбеден не бәрі 35 шақырым шығыста орналасқан. Бұл Күлтөбенің де осы салада айтарлықтай орны бар екендігін болжауымызға мүмкіндік береді.

Қаңлылар ішкі және сыртқы сауда саттық ісінде айтарлықтай дәрежеде дамыта түскен. Ішкі сауданы атқару үшін ең дамыған аймақтардағы қалалы орталықтарда базарлар ұйымдастырылды. Мұны сол кезеңдегі жергілікті монеталардың соғылып шығарыла бастауы дәлелдейді. 2000 жылдарға дейін салмағы әр түрлі 1300 ден астам мыс монета табылған. Бұл монеталардың барлығында дерлік билеуші қырынан бейнеленген. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш арта түскен болу керек. Қаңлы тайпалары сыртқы сауда да көптеген елдермен байланыс орнатқан. Қаңлы дәуірінің ескерткіштерінен қытайдың, сасанилердің, кушандардың монеталарымен қоса Қаратеңізбен Сирия аймағында дайындалған шыңылтырлы моншақтар, Үндістанның қызыл түсті маржан моншақтарымен піл сүйегінен дайындалған шаш түйреуіштері, Жерорта теңізі жағалауынан әкелінген фибулалар және т.б. заттар табылды. Бұл табылымдар Қаңлылардың Қаратеңіз өңірімен, Иранмен, Сириямен, Үндістанмен және Қытаймен сауда байланыстарын орнатқандығын айғақтайды (Козыбаев, 2010: 272-287).

Ғылыми айналымға енген деректерге сүйенсек қаңлылар қайтыс болған туыстарын катакомба және наустарға жерлеп үстіне топырақ үйген. Жерлеудің бұл түрі Қаңлыларды басқа көшпелі тайпаларға жақындата түскенімен оба және қабір құрылымында өзіндік ерекшелік байқалады. Катакомбалық қабір түрлі ұзындықта жерден қазылған дромос және осы дромосқа перпендикуляр қиылысатын қабірхана түрінде жасалады. Катакомбалық қабірлерде көбінесе ұжымдық сипатта жерлеулер жүзеге асырылған. Осыдан кейін кіреберісі кам кесекпен шегенделген. Бұдан бөлек кейбір жағдайларда өлгендерді керамикалық ыдыстарға салып жерлеген.

Археологтар катакомбалық қабірлерде бұрынғы қаңқалардың бір бұрышқа ығыстырылып, орнына жаңа жерлеулер жасалғандығын байқаған. Бұл жағдай жерлеулердің бір мезгілде немесе араға жылдар салып жасалғандығын көрсетеді. Қаңлыларда о дүние түсінігі болған. Сондықтан қайтыс болған туыстарымен бірге қабірге саздан жасалған ыдыстар, пышақтар, семсерлер, сүйектен жасалған бұйымдар, жебе ұштары, қола айналар, сырғалар, моншақтар және білезіктер секілді о дүнелік тарту таралғылар салған (Байпаков, 2005).

Қаңлы тайпаларының жерлеу дәстүрінде наустар да ерекше орын алған. Бұлар ішке кіретін арка іспетті дромосымен бірге бір немесе екі камералы түрде пахса немесе кесекпен тұрғызылған. Кіреберіс аузы пахсамен, кесекпен немесе тас плитамен шегенделген. Кейбір наустарда қабырғаның ішкі бетінде ниша орнатылған. Сонымен қатар ішкі кеңістігіне екі немесе үш қабырғасын жағалай сәкі жасалып, беті лаймен сыланған. Бір жағдайда беткі жағы жұмыр тастармен көмкерілген сыпа анықталған (Смагулов, 2011: 119-141).

Материалдар мен әдістер. Мыңтөбе қорымынан 2022 және 2017 жылы аршылған наустар алғаш рет осы мақала барысында қарастырылады. Сондықтан келтірілген деректер тың болып табылады. Бұл жағдай мақаланың маңыздылығын көрсетеді.

Мақалада сағана, склеп, наус ұғымдарын талқылау, наустардың пайда болуына байланысты пікірлерге тоқталу, наустардың пішіні мен архитектуралық ерекшелігін қарастыру, наустарды мерзімдеу мәселесін талқыға салу көзделген. Сонымен қатар Мыңтөбе қорымында биылғы жылы жүргізілген зерттеулермен қатар бұрынғы зерттеулер жайында баяндау, Мыңтөбедегі наустардың құрылымдық ерекшелігі жөнінде ақпарат беру,



аналогтарымен салыстыру және ең бастысы Мыңтөбе наусын ғылыми айналымға еңгізу мақсат етілді.

Белгіленген мақсатқа сәйкес археологиялық зерттеу жұмыстары барысында алынған жаңа деректерді жүйелі түрде келтіру, аналогтары жайында мағлұмат жинақтау, оларды сараптау, салыстыру, қорытынды шығару және арнайы бағдарламалар арқылы Мыңтөбе қорымының картасын жасау сынды зерттеу әдістері қолданылды.

Жалпы мақала кіріспе, теориялық бөлім, Мыңтөбе қорымының геогарафиялық орны, зерттелу тарихы, Мыңтөбе науысында жүргізілген археологиялық зерттеулер, салтыстырмалы талдау және қорытынды бөлімдерінен тұрады.

Талқылау. Мақаланы жазу барысында қаңлы кезеңіне тиесілі жер бетіне тұрғызылған жерлеу орындары туралы түрлі ұғымдар қолданылғандығын аңғардық. Бір мақалада склеп (Смагулов, 2011: 119), екінші бірінде сағана (Байпаков, 2005: 174) ал кейбір ғылыми еңбектерде наус (Максимова, 1974: 95; Яблонский, 2010: 252; Борисов, 1940) деп қолданылған.

Склеп – ішінде төмен түсетін қабірхана бөлмесі бар бір отбасы мүшелеріне арналған жерлеу құрылысы. Academic.ru сайтында склептер жерлеу үшін жасалған жерасты немесе жерге көмілген құрылым, ғимараттың немесе құрылыстың бір бөлігі деп көрсетілген. Склепке ұқсас жерлеу құрылыстары Солтүстік Кавказ аймағында қола дәуірінде пайда болып ортағасырларға дейін келіп жеткен.

Археологиялық сөздікте сағаналар жайында мынадай деректер бар. «... сағаналар Қазақстан мен Орталық Азияда күмбез түрінде кірпіштен тұрғызылады. Оның беті сыланып өрнектеледі, майоликамен қапталады...» деп көрсетілген. Сөздікте келтірілген мына бір мәлімет сағаналардың құрылымдық ерекшелігін түсінуімізге мүмкіндік береді. «Бекі қорымы – (XVII-XX ғғ. басы) Маңғыстау облысындағы Шетпе кентінен батысқа қарай 4 шақырым жерде аумағы 120×80 м болатын жерді алып жатқан қорым. Құрамында күмбезді үш көрхана, көрнекті 12 сағанатам, 2 сандықтас, 100-ден астам алуан түрлі шағын құлпытас, қойтас, ұштас, төрттас, бестас, құлпытасардың басқа да дәстүрлі типтері бар. Қорымның орталығына орналасқан 2 күмбезді көрхананың (XIX -XX ғғ.), 2 күмбезді сағанатамның (XX ғғ.) архитектуралық-көркемдік маңызы зор» (Самашев, 2007: 139).

Қазақстан және басқа түркі елдерінде ортағасырлар мен кейінгі этнографиялық кезеңде ислам діні келгеннен кейінде күмбезді зираттар салынған. Әсіресе ортағасырлық зираттардың сыртқы беті өсімдік, геометриялық өрнекті немесе майоликалық қыш қаптамалармен әрленген. Ішкі жағына жер деңгейінен төмен түсетін қабірхана бөлмесі жасалған. Осы бөлмеге әр кездері қайтыс болғандар жерленіп отырған. Ал, этнографиялық кезеңде қабір басына тұрғызылған күмбезді немесе күмбезсіз зираттардың өзі барынша тартымды етіп жасалған. Ал, ислам діні қабір басына зәулім құрылыстар салуға тиым салады. Осы орайда бұрынғы жер бетіндегі жерлеу орындары мен кейінгі кезеңдерде салынған зираттар арасында бір сабақтастық барма деген ой туындайды. Әрине сабақтастық бар болса да жоқ болсада бұл ой ғылыми дәлелдеуді қажет етеді. Дегенмен жалпы адам баласына қандайда сырттан қысым болған күннің өзінде ең соңғы бас тартатын дүниелерінің бірі рухани құндылықтары екендігін де ұмытпаған жөн.

Наус-бұл елді мекеннен тыс жерде саздан, кесектен немесе тастан жасалған жерлеу құрылысы. Бұл сөз ортағасырлық араб тарихшылары мен географтарының еңбектерінен бастау алады. Олар орта және Батыс Азиядағы кез-келген исламға дейінгі жерлеу құрылыстарын наус деп атаған. Наустың ең алғашқы үлгісі Бактриядағы Ай-Ханум қалашығында табылған (Самашев, 2007: 139). Кейбір ғалымдардың пікіріне сүйенсек Арабтар Орта Азияны жаулап алғаннан кейін мұндағы халықтар наустарды қолданудан біржолата бас тартқан (Байпаков, 2005: 174). Мыңтөбе қорымынан табылған жер бетіндегі жерлеу құрылысары исламға дейінгі кезеңге жатқандықтан бұларды мақалада наус деп сипаттауды және осы ұғымды қолдануды жөн көрдік.

Науыстардың пайда болуына байланысты пікірлер. Осы кезге дейін Орта Азия аймағында көптеген наустар зерттелгенімен жерлеу құрылысының бұл түріне байланысты шешімін таппаған бірқатар проблемалық мәселелер бар. Мысалға наустардың ең ерте қай кезде қолданысқа енгендігі жөніндегі мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Дегенмен ғалымдар наустардың ерте кезде пайда болғандығына күмән келтірмейді. Сондықтан бұл мәселе бойынша ғалымдар өз пікірлерін ғылыми айналымға енгізген. Біріншіден наустар



қашан пайда болды және түп тамыры қай мәдениетке барып тіреледі (геносизі) деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Қаңлы кезеңінің жетіасар мәдениетіне тиесілі жер асты және жер үстіндегі наустары өз бастауын белгілі бір дәрежеде соңғы қола ғасырының Солтүстік Түгіскендегі кесенелерден алады деген пікір бар (Қуандықов, Байпаков, Құрманқұлов, 2011: 30). Бұл ескерткіш Қызылордадан 300 шақырым жерде Іңқардарияның сол жағалауында орналасқан. С.П.Толстов және М.А. Итина 1959 жылы Хорезм аймағына әуеден барлау жұмыстарын жүргізу барысында анықтаған. Бұл жердегі нысандар аласалау төбе үстінде өз ара екі топ құрайды. Хронологиялық тұрғыдан екі бөлек уақытқа мерзімделгендіктен ғалыми айналымға «Солтүстік Түгіскен» және «Оңтүстік Түгіскен» деген атаумен енген. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек бұл жерге тайпа көсемдері мен оның туыстары жерленген. Архитектуралық тұрғыдан кесенелер шеңбер және шаршы пішінде бір біріне тіркестіре салынған. Қабырғалары 54x28x10 см, 48x32x10 см көлеміндегі кесектерден тұрғызылған. Ағаш жабындыны тіреп тұру үшін балшықтан бағандар орнатылған. Зерттеу жұмыстары барысында археологтар кесененің ішкі кеңістігінен оттың іздерін анықтаған. Осының негізінде бұл жерге мәйіттер жерленгеннен кейін өртеу жоралғысы атқарылған болу керек деген болжам жасаған (Итина, Яблонский, 2001; Рапопорт, 2000: 125).

Кейбір зерттеушілер жер бетіне салынған жерлеу құрылыстардың түп тамырын Хорезм аймағындағы б.з.б. V-IV ғасырларға жататын Кюзели-Гыр және Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Шірікқабат, Бәбіш Молда қалаларындағы жерлеу құрылыстарымен байланыстырғысы келеді (Литвинский, 1984: 89). Тарихи деректерде Сырдарияның төменгі ағысында массагеттердің және апасиак сақтардың өмір сүргендігі айтылады (Толстов, 1948: 99; Қозыбаев, 2010: 19). Шірікқабат қаласының орта тұсында алты оба орналасқан. Бұлардың кейбірі қала пайда болғанға дейін тұрғызылса (б.з.б. V-IV ғғ.), кейбірі қаланың соңғы тұрғындары тарапынан салынған (б.з.б. III-II ғғ.). Демек қаланың алғашқы тұрғындары өз аталары жатқан обалардың айналасын қамалдармен қоршап ол жерді үлкен мекенге айналдырған.

Шірікқабатта ерте кезге мерзімделетін бір обаның диаметрі 60 м, биіктігі 3,5 м. Жерлеу камерасы тығыз құмшауыт қабатқа шаршы пішінде ойылып жасалған. Көлемі 7,5x7,2 м. Қабырғаларының сақталған биіктігі 2,5 м. Камераға кіру үшін алты баспалдақты дромос жасалған. Құрылыс ішкі бетінен сыланып әктелген. Қазба жұмыстары барысында бұл жерлеудің тоналғандығы анықталған. Дегенмен жерлеу орнынан қолда және шарықта пошымдалған саз ыдыс бөліктері, балдағы көбелек тәрізді темір семсер, үш қанатты ұңғылылы қола жебе ұшы және алтын моншақ табылды. Табылған заттар негізінде оба V-IV ғасырларға мерзімделген.

Сонымен қатар Шірікқабатта жүргізілген зерттеулер барысында бір обадан шеңбер, ал екінші бірінен шаршы пішінді жерлеу құрылысы анықталды. Шеңбер пішінді құрылыс кам кесектен тұрғызылған. Ішкі бөлігі қалыңдығы үш метрлік қабырғалармен крест іспеттеліп төртке бөлінген. Қабырғаларын жағалай биіктігі 40-45 см сәкі жасалған. Ал, төбе жабындысын ұстап тұру үшін бөлмелердің бұрыштарына бағандар орнатылған. Археологтар бұл жерлеудің өз уақытында тоналғандығын және өрттен зардап шеккендігін анықтаған. Қазба барысында б.з.б. V және IV-III ғғ. мерзімделетін көптеген құнды олжалар табылған. Шаршы пішінді құрылыстың көлемі 19,5x1,9 м. Қабырғалары кам кесектен тұрғызылған. Қалыңдығы 5-5,5 м. Бұл жердегі қабірден ішінде үш тас, бір сүйек бұйымы бар саз ыдыс, алтын жапсырмалар, қола айнаның және сүйектен жасалған тарактың бөліктері, шыныдан, мысыр пастасынан және ақықтан жасалған моншақтармен қатар үш қырлы жебе ұштары табылған. Жоғарыда аталған Бәбіш Молда Шірікқабат қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Археологтар жерлеу құрылысы табылған нысанды Бәбіш Молда 2 деп белгілеген. Құрылыс шаршы пішінді болып келген. Көлемі 21x21 м. Қабырғаларының сақталған биіктігі 7 м. Жерлеу құрылысының платформасына алты қатар пахса блогы төселген. Аумағы 30x30 м, ал биіктігі 3,5 м шамасында. Осы платформаның үстіне жерлеу бөлмелері мен өзара қиылысатын дәліздер салынған. Жерлеу бөлмелерінің көлемі 4,4x5 метрден 5,3x6 м аралығында. Бұл жердегі бөлмелер өз кезеңінде тоналған. Оңтүстік – батыс жерлеу бөлмесінен үш қаңқа аршылған. Жерлеу камерасынан жарты шар тәрізді алтын жапсырмалар, алтын тоғалар, алтын моншақтар, ақықтан жасалған моншақтар және үш қанатты сапты темір жебе ұшы табылған. Археологтар бұл заттарды IV-II ғасырларға мерзімдеген (Қуандықов, Байпаков, Құрманқұлов, 2011: 21-24).



Сырдария өзенінің жағасындағы қаңлы кезеңіне жататын қорымдардың катакомб қабірлермен қатар жер бетіне салынған жерлеу орындарынан құралатындығы белгілі. Ташкент аймағын зерттеген Г.И.Богомоллов III-V ғасырларда катакомб қабірлердің орнын жартылай жер асты және жер үстіне салынған наустар ала бастады дейді. Тойтөбе, Мыңтөбе (Ташкенттік), Туябугуз және тағы басқа қорымдарды өз мақаласында қарастыра келе наустардың пайда болуын жаңа этникалық процестің жүруімен емес халық санының өсуімен байланыстырады. «Қала халқының өсуі, оның мәдениетінің дамуы, көшпенділердің қоныстануы және ауылдық қоғамдастықтың нығаюы қалалық және ауылдық қорымдардың пайда болуына, бастапқыда жер асты, содан кейін жер үсті наустардың салынуына алып келді» деп түсіндіреді. V-VII ғасырларда жер үсті наустар жерлеу құрылымдарының жетекші түріне айналады (Богомоллов, 2005: 191).

Қаңлы кезеңіне жататын наустарды Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Солтүстік Түгіскен, Шірікрабат және т.б. нысандардан бастау алады деген пікірлер өзіне назар аудартады. Ташкент жазығы, Қаратаудың оңтүстік беткейі мен Сырдарияның төменгі ағысындағы наустар Шірікрабат пен Бәбіш Молдадағы жер бетіне салынған кесенелердің құрылымдық ерекшеліктерін көленке сияқты қайталамаса да екеуінің арасында ұқсас элементтердің бар екендігін де жоққа шығаруға болмайды.

Наустарды мерзімдеу мәселесі. Наустардың ең ерте қай кезде пайда болғандығы жөніндегі мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Дегенмен ғалымдар сағаналардың ерте кезде пайда болғандығына күмән келтірмейді. Бұл жерлеу құрылыстарының ұзақ жылдар қолданыста болуына байланысты бұрынғы жерлеулердің орнына жаңа жерлеулердің жүзеге асырылуы, осы орайда ерте кезде салынған о дүниеелік тарту таралғылардың алынып орнына жаңаларының салынуы сияқты факторлар сағаналардың қашан пайда болғандығын анықтауға кедергі келтіреді. Дегенмен ұзақ жылдар бойы Қазақстан аймағында сағаналарды зерттеген Е.Смагулов Бөріжар қорымынан алған археологиялық деректер негізінде сағаналарды біздің заманымыздың IV-VIII ғасырлар аралығына жатқызады. Яғни, сағаналар ең ерте IV ғасырда қолданысқа енді, қолданудан жаппай бас тарту жағдайы VIII ғасырлардан бастап исламның қысымымен жүзеге асты деп түсіндіреді (Байпаков, 2005: 174-175).

Наустардың пішіні мен архитектуралық ерекшелігі. Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулер қаңлы кезеңіне жататын наустардың архитектуралық ерекшелігін айқындап берді. Сырдария өзені бойында 740 оба қазылып 102-сінен қам кесектен тұрғызылған жерлеу құрылысы (наус) анықталды. Зерттеушілер бұларды жер асты, жартылай жер асты және жер үсті деп үш топқа ал, пішіндік тұрғыдан төртбұрыш және шеңбер пішінді деп екі типке бөлген (Қуандықов, Байпаков, Құрманқұлов, 2011: 29).

Біздер Мыңтөбе қорымында жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде наустардың архитектуралық ерекшелігіне байланысты құнды мәліметтер алдық. Бұл жерде наустардың астына балшықтан платформа дайындалып оның түстіне кесектен және лайдан наус тұрғызылған. Құрылысқа қолданылған балшық өте жақсы пісірілген. Өйткені пахсаның беріктігі өте жоғары. Мыңтөбедегі наустарда қолданылған кесектердің өлшемін алу мүмкін болмады. Дегенмен Ташкент маңындағы Туюбугузда жүргізілген зерттеулер барысында наустарға 40x26x10 см көлемінде кесектер қолданылғандығы анықталған (Агзамходжаев, 1962: 71). Осы өлшемдегі кесектер Мыңтөбеде де қолданылған болуы әбден мүмкін. Жалпы осы кезге дейін Мыңтөбе қорымынан екі наус аршылды. Бұлардың екеуі де шеңбер пішінді. 2017 жылы қазылған наус екі камералы болып келген. Диаметрі 8 м. Бұл наустағы бір ерекше жағдай қабырғалардың периметрі бойынша сәкі жасалмаған. Осыған қарағанда қайтыс болғандар пахса платформаның үстіне жерленген болса керек. Оң жақ камераның шығыс қабырғасына ниша жасалған. Осы нишаның ішінен адамның жекелеген сүйектері табылған болатын. Наустың дромосы оңтүстік батысқа бағытталған. Аузы балшықпен шегенделген. 2022 жылы аршылған наус шеңбер пішінді болып келген. Диаметрі 5,5 м. Наустың ортасына төртбұрыш пішінде камера жоспарланған. Камераның жан жағын қоршап тұрған қабырғаларды жағалай сәкілер жасалған. Дромосы оңтүстік батысқа бағытталған. Едені мен сәкінің беті балшықпен сыланған. Келтірілген деректер Мыңтөбедегі наустардың өз ішінде айырмашылығының бар екендігін көрсетеді.

Наустарды қарастырған кезде Өзбекстандағы зерттеулерге де назарға алған жөн. Өйткені Мыңтөбе қорымы географиялық орналауы тұрғысынан шегаралық аймақта орналасқан.




Бұрынғы кезде қазіргі саяси шекаралардың болмағандығын ескере отырып ежелгі кезде Сырдарияның ортаңғы ағысы мен төменгі ағысын және Ташкент аймақтарын бір мәдени қауымдастықтың өмір сүрген территориясы болған десек қателеспейміз. Сондықтан төменде Өзбекстандағы зерттеулерге тоқталмақпыз.

XX ғасырда Ташкент қаласы маңында М.В. Воеводский, А.А. Потапов, М.Е. Массон және Т.Агзамходжаев сынды ғалымдар жүргізген зерттеулер нәтижесінде көптеген наустар аршылып ғылыми айналымға енгізілді. Жарияланымдарға қарағанда Ташкент аймағында жартылай жер асты және жер үсті наустардың табылғандығы байқалады. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек V-VII ғасырларда Ташкент аймағында наустар жерлеу құрылысының негізгі түріне айналған. Ахангаран даласындағы Апартак қорымынан тастан салынған жартылай жер асты жерлеулер табылған. Құрылыс материялы тұрғысынан бұл жерлеу орны ерекшелене түседі. Бұл жағдайды жергілікті аймақтың табиғи мүмкіндіктерімен түсіндіруге болады.

Ташкент аймағындағы пахса немесе кесектен тұрғызылған наустардың ортасындағы камерасы төртбұрышты, ал сыртқы контурі шеңбер пішінде болып келеді. Наустардың диаметрі 6-дан 10 м-ге дейін, камераның көлемі орта есеппен 3-3,5x2 м-ге жетеді. Қабырғалардың периметрі бойынша сәкілер жасалады. Оңтүстік-шығыс немесе оңтүстік жағында арка іспетті кіреберіс дромосы болады. Сыртқы жағы төрт бұрышты порталды болып келеді. Мұның аузы кесекпен шегенделеді (Богомоллов, 2005: 191). Ахангаран даласындағы ескерткіштерді зерттеген Ю.Ф.Буряков наустардың үсті жабық болған, оларға топырақ үйілген деп қорытынды жасаса кейбір зерттеушілер наустардың үсті ашық болған, тек дромосы шегенделген деген пікір ұстанады. Сонымен қатар аталмыш зерттеуші Пскент қорымындағы наустардың бірінен табылған ассуарийні сараптай келе осы ассуарийнің зооморф тұтқасы сияқты наустардың үстіңгі жағына жалау немесе құрбандыққа шалынған жануарлардың басы орнатылған болса керек деген болжам жасаған (Буряков, 1968: 131). Біздер қазған Мыңтөбе науысы қазбаға дейін үлкен оба пішінде болатын. Реперлік нүктеден 25-30 см тереңде, обаның дәл орта тұсынан кесектің жұмыр бөліктері анықталған еді. Бұл кесектер наустардың үсті қандай да бір үлгіде жабылғандығын көрсетсе керек (Богомоллов, 2005: 191).

Нәтижелер. Мыңтөбе қорымының географиялық орны. Мыңтөбе қорымы Келес өзенінің төменгі ағысында, Сырдария өзеніне құяр тұстағы су баспайтын биік терассада орналасқан (1-карта).



1– карта – Мыңтөбе қорымының географиялық орны.
[Map. 1. Geographical location of the Myntobe burial ground]



1-сурет – Мыңтөбе қорымының әуеден көрінісі. [Fig. 1. View of the Mynttöbe burial ground]

Қорымның солтүстігі мен шығысын қыратты алқап алып жатыр. Оңтүстігі тереңдігі 20 м-ге жететін тік жарқабақ. Осы жарқабақтан 1 шақырым қашықтықта Сырдария өзені орын тепкен. Батыс жағы келес өзенімен түйіскен. Аталмыш өзеннің оң жағалауында Мыңтөбе қорымына қарама қарсы бетте Күлтөбе қалашығы орналасқан. Мыңтөбе қорымындағы обалар шығыстан батысқа қарай 2 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1,5 шақырым жерді жүйесіз түрде алып жатыр. Дегенмен кейбір жал беттеріндегі обалардың өз ара тізбектелгендігі байқалады. Обалардың диаметрі 6 – 33 м, биіктіктері 0,65 – 4,30 м. Бұлардың басым көпшігі шеңбер пішінді. Араларында бір жағы созылыңқы (тамшы) тәрізді және айналасында оры барлары да кездеседі (1-сурет). Ғалымдардың пікірінше аталмыш қорым қаңлы мәдениетіне тиесілі болып табылады.

Зерттелу тарихы. Мыңтөбе қорымы патшалық ресей кезеңіндегі зерттеушілердің назарынан тыс қалған. Ал, кеңестік кезеңде және тәуелсіздік алғаннан кейін атқарылған зерттеулер саусақпен санарлық деңгейде. Сондықтан бұл тараушаны аталмыш қорымға жақын орналасқан аудандардағы зерттеулермен бірге қарастыруды жөн көріп отырмыз. Аймақтағы алғашқы зерттеулер әуесқой өлкетанушы Е.Т. Смирновтың басшылығымен басталды. 1880 жылдардың соңы 1890 жылдардың басында Сырдарияның ортаңғы ағысында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аймақтағы үлкенді кішілі өзендердің бойындағы қоныстар мен қорымдар жайында деректер жинақтады. Өз баяндамасында «аймақтағы төбелер мен төбешіктерді қандай тайпалар, не мақсатта тұрғызды және бұл төбелер мен төбешіктердің мерзімі қандай» деген сұрақтарға жауап іздеді. Сонымен қатар Е.Т. Смирнов Ташкент маңындағы Ниязбаш елді мекенінің тұрғындары төбешіктерді тегістеу барысында бір төбешіктен адам сүйектерімен бірге қыш құмыраларды тапқандығы жөнінде мағлұмат береді (Смирнов, 1896: 7-17). Аймақта алғашқы археологиялық қазба жұмысты 1887 жылы әуесқой өлкетанушы Н.П. Остроумов жүргізді. Ол, Ташкент маңындағы Никифоровски қорымында 20 ға жуық обаны қазып, дромосты катакомбалардың архитектурасын анықтады (Остроумов, 1891). Одан кейінгі зерттеулерді Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің мүшелері жалғастырды (Вревский, 1895: 4-5). Үйірме мүшелері Сырдарияның ортаңғы ағыстарындағы ежелгі қалаларды, қоныстарды және қорымдарды есепке алып сипаттады, сонымен қатар бірқатар ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізді (Руднев, 1900: 57-62; Краваевъ, 1914: 8-10). Аймақтағы археологиялық зерттеулер 1930 жылдардан бастап жүйелі түрде жүргізіле бастады. 1934-1938 жылдары Г.В. Григорьев басшылығындағы Янгиюль археологиялық экспедициясы аймақта орналасқан ежелгі Қаунчи-Тепа, Алимбай-Тепа, Шурали-Сай, т.б. қалаларында және Қаунчи-Тепа қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді (Григорьев, 1935: 3-42). Г.В. Григорьевтің ежелгі Қаунчи-Тепа қаласы



мен оның маңындағы қорымнан алған археологиялық деректерін Л.М. Левина сараптап Сырдарияның орта ағысының кангюлер заманындағы мәдениетін қауыншы деп бөліп көрсетті (Левина, 1971: 90-91). 1948-1952 жылдары А.Н. Бернштамның басшылығындағы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич Ақтөбе, Жаушықұм қалашығы, Мыңтөбе және Узун-Атада археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде Сырдарияның ортаңғы ағысында, Келес өзені бойында орналасқан бірнеше ежелгі қалалар мен қорымдардың орнын анықтады (Агеева, 1958: 41-42). 1958-1962 жылы А.Г. Максимова басшылығындағы Шардара археологиялық экспедициясының мүшелері М.С. Мершиев, Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина, А.А. Чариков, Ф.Х. Арсланова Сырдарияның ортаңғы ағысында, Келес және Құркелес өзендері бойында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, бірнеше ежелгі қалалар мен қорымдардың орнын анықтады. Ақтөбе I-II, Шәушіқұм қалашықтарында және Жаман-Тоғай, Ақтөбе, Жаушықұм, Төребай-Тұмсық қорымдарында археологиялық қазба жұмыстар жүргізіп, ескерткіштердің архитектуралық ерекшелігі және хронологиясы жайында құнды деректер алады. Сонымен қатар Мыңтөбе қорымының орнын картада көрсетті (Максимова, Мершиев, Вайнберг, Левина, 1968). Жоғарыда келтірілген деректер патшалық және кеңес үкіметі кезеңдерінде мыңтөбе қорымына жақын орналасқан аудандарда біршама археологиялық зерттеулердің жүргізілгендігін аңғартады. Осы кезде экспедиция жүріп өткен жолда мыңтөбе қорымы орналасқанына қарамастан бұл нысанға зерттеушілер археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбейді. Қаласы мен жүздеген обасы мен мұндалап тұрған ескерткішке сол кездегі зерттеушілердің неліктен назар аударма қоймағандығы әзірге белгісіз. Ештен кеш жақсы дегендей мақаламызға арқау болып отырған нысанға 1982 жылы Шымкент педагогика институтының қызметкері Н.П. Подушкин ат басын тірейді. Ол, қорымда археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, жартылай жобаға түсіреді. Сонымен қатар жер бетіндегі материалдар бойынша қорымды б.з.б. 1 – б.з. 5 ғасырларға жатқызады (Нургалиев, 1994: 223-224). Осыдан кейін Н.П. Подушкиннің баласы А.Н. Подушкин 2016-2017 жылдары Мыңтөбе қорымындағы екі обада археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп екі құмыра алады. Осы құмыралар негізінде екі обаны кейінгі қаңлы дәуіріне жатқызып б.з. III-IV ғасырларға мерзімдейді (Подушкин, Донец, 2018: 101). 2017 жылы Сырдария университетінің қаржылай қолдауымен Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің профессоры, археолог ғалым М.Елоуов Құлтөбе қалашығы мен Мыңтөбе қорымында жалпы 10 күн қазба жұмыстарын жүргізді. Қорымның орталық бөлігіндегі тақия пішінді бір обаға қазба салынды. Цитедельде жүргізілген кіші көлемді қазба жұмыстары нәтижесінде қам кесектен салынған құрылыстар аршылып саз ыдыс бөліктері алынды. Бұл заттар қалашықтың өткенін жаңғыртып, тарихи сырын ашуға көмектесері сөзсіз. Мыңтөбе қорымында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Археология ғылыми-зерттеу институты да зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл экспедицияның зерттеулері өте жемісті болды. Өйткені қазба салынған үш обаның бірінен катакомб қабір, ал екіншісінен наус аршылды. Бұған дейін зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтар Мыңтөбеге байланысты мұндай нәтиже алмаған болатын. Бұл қорымының ғылымға жасаған алғашқы тартуы еді (Жетібаев, Сиздиқов, Гурсой, 2020). Аталмыш университет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған «AP13068455 Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» атты ғылыми жоба аясында 2022 жылы Мыңтөбе қорымында қазба жұмыстарын жүргізді. Далалық маусымда бірнеше оба аршылып нәтижесінде шартты түрде №7 деп белгіленген обадан катакомб қабір, ал №6 деп белгіленген обадан наус анықталды.

№6 обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі. Бұл оба қорымның солтүстік-шығыс бөлігіндегінен басталып, оңтүстікке бақыттала орналасқан биік төбенің жиегінде, №5 обадан солтүстікке қарай 23 м қашықтықта орналасқан (2-сурет). Обаның солтүстігінде 310 м қашықтықта келес өзені орналасса, батысында 1 шақырым қашықтықта Сырдария өзені орналасқан. 2017-2018 жылдары қорымда зерттеу жұмыстарын жүргізген А.Н. Подушкин аталмыш обаны патша обасы деп сипаттаған (Подушкин, 2019). Обаның пішіні тамшы іспеттес сопақша болып келген. Обаның солтүстік-шығыс бөлігі биіктеу болып келсе, оңтүстік-батыс бөлігі аздап жайпақтала түскен. Бейне бір тамшыны көз алдына елестетеді. Обаның солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс бағытындағы ені 20 м, оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс бағытындағы ені 17 м, биіктігі 3,3 м.



Бастапқыда обаның топографиялық құрылымына қарап бұл жерде наус болу керек деп болжам жүргізген болатынбыз. Мұны нақтылау мақсатында оңтүстік-солтүстік бағытында барлау кесіндісі салынды. Кесіндінің ұзындығы 10 м, ені 1,5 м. Қазба жұмыстары барысында реперлік нүктеден 0,4 м тереңдіктен қатты кесек бөліктері анықтала бастады. Тазалау жұмыстарының нәтижесінде реперлік нүктеден 0,5 м тереңдіктен кесектен тұрғызылған шеңбер пішінді құрлыстың шығыс жиегі анықталды. Бұл құрлысты толық ашу мақсатында қазба алаңы батыс бағытында кеңейтілді. Қазба жұмыстары барысында, оба үйіндісінен сырсыз саз ыдыстардың 21 дана бүйір бөлігі және 1 дана табан бөлігі алынды. Бұлар реперлік нүктеден 0,5-0,6 м тереңдікке дейінгі деңгейде кездесіп отырды. Оба үйіндісі толықтай тазалағаннан кейін кесек және пахсадан салынған сыртқы контурі шеңбер пішінді наус анықталды. Жалпы диаметрі 5,5 м. Наустың астына пахсадан платформа дайындалған. Биіктігі 0,49 м. Осы платформаның үстіне қам кесектен ішке қарай аздап көлбеу етіп қабырға тұрғызылған. Қабырғаларының қалыңдығы 1,60-1,70 м шамасында. Платформасымен бірге сақталған биіктігі 1,38 м. Дромосы, яғни кіреберіс аузы солтүстік-батысқа қараған. Дромостың анықталған ұзындығы 2,65 м, сыртқы жағымен қоса есептегендегі ені 1,7 м, дромостың ішкі бөлігінің ені 0,6 м, сақталған биіктігі 0,85 м. Жақтау қабырғаларының ішкі беті және едені ашық сарғыш түсті саз балшықпен сыланған. Дромостың едені наустың ішкі бөлігіндегі төрт бұрыш пішінде жоспарланған жерлеу камерасының орта тұсына дейін созылған. Камераның көлемі 2,5x2 м. Наустың оңтүстік, шығыс және солтүстік қабырғаларын жағалай (периметрі бойынша) «П» пішінде сыпа (сәкі) жасалған. Сыпаның ені 0,75 м, биіктігі 0,1 м. Беті тұтастай ашық сарғыш түсті саз балшықпен сыланған. Қазба жұмысы барысында сыпаның жиегінен оттың ізі байқалды. Ішкі бөлікте жүргізілген тазалау жұмыстарының нәтижесінде наустың шығыс қабырғасын жағалай (in situ) жатқан адам қаңқасы және оның сол жанынан тонаушылардың салдарынан бүлінген жекелеген адам сүйектері анықталды (3-сурет). Сонымен қатар тонаушылардан қалған бір дана түссіз мөлдір моншақ алынды. Шашылып жатқан жекелеген адам сүйектеріне антропологиялық зерттеулер жүргізіліп нәтижесінде in situ жатқан адам қаңқасынан бөлек бұл жерден бір ересек және бір баланың сүйек қалдықтары анықталды. Анықталған сүйектер шартты түрде №1, №2 және №3 қаңқалар болып белгіленді.



2-сурет – №6 обаның әуеден көрініс. [Fig. 2. View of the mound No. 6]

№1 қаңқа. Наустың шығыс қабырғасы қапталына шалқасынан жатқызылып, басы оңтүстікке бағытталып, жүзі көкке қаратылған, оң қолы жамбас сүйегінің үстіне қойылған, ал сол қолы және екі аяғы созылыңқы қалыпта орналастырылған. Бойы 1,74 м. Қаңқа өте нашар сақталған. Антропологиялық сараптамалар бұл қаңқаның ер адамға тиесілі екендігін, шамамен 42-45 жасында қайтыс болғандығын анықтаса палеопатологиялық сараптамалар




өкше шпорына шалдықандығын, беліне грижа шыққандығын және бір аяқ саусағына инфекция түскендігін көрсетті. Генетикалық және паразиттік сараптама жасау үшін аталмыш қаңқадан сынамалар алынды. Алдағы уақытта бұл қаңқаға байланысты генетикасын және паразиттерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізілетін болады.

№2 қаңқа. №1 қаңқаның сол жанында, наустың орта тұсында орналасқан. Жоғарыда айтып өткеніміздей тонаушылардың салдарынан бұл қаңқа шашылып бүлінген. Бастапқы қалыпта сақталған аяқ, жамбас, бұғана және бас сүйегін негізге ала отырып, қаңқаның шалқасынан жатқызылып, басының оңтүстікке бағытталғандығын аңғаруға болады. Антропологиялық сараптаманың нәтижесінде шашылған қаңқаның әйел адамға тиесілі екендігі, шамамен 50-55 жасында қайтыс болғандығы анықталды.

№3 қаңқа. Шашылған сүйектердің арасынан анықталды. Тек бас сүйек (Cranium frontal, parietal), кәрі жілік (radius) және шынтақ сүйегінің (ulna) фрагменттері табылды. Бұл сүйектердің жас балаға тиесілі екендігі белгілі болды.

2017 жылы Мыңтөбеде жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде №1 обадан осыған ұқсас наус табылған болатын (Жетібаев, Сиздиқов, Гурсой, 2020). Шартты түрде №1-оба деп белгіленген үйіндіні қазбаға дейін лазерный тахеометрмен өлшегенде, диаметрінің 22,70 м, биіктігінің 4 м екендігі анықталды. Осыдан кейін обаны екі секторға бөлу үшін солтүстік шығыс – оңтүстік батыс бағыты бойынша ені 1 м жал қалдырылды. Жалдың оңтүстік бөлігі «А» жартысы, солтүстік бөлігі «Б» жартысы болып белгіленді. Қазба алдымен «Б» жартысында жүргізіле бастады. Реперлік нүктеден 0,50 м тереңде қатты кесек бөліктері мен қатар шеңбер тәріздес құрылыстың сұлбасы көріне бастады. Ал, обаның орта тұсынан реперлік нүктеден 0,85 м тереңде көмір және күл қалдықтары байқалды. Жалпы қазба жұмысы төмен қарай 4 м-ге дейін жүргізілді. Нәтижесінде құрылыстың шығыс, оңтүстік шығыс жағы толықтай топырақтан тазартылды. Осыдан кейін қазба жұмысы обаның «А» жартысына ойыстырылып бұл бөлікте топырақтан толықтай тазартылды. Нәтижесінде үйінді астынан дромосымен бірге шеңбер пішінді наус анықталды.



3-сурет – наустың жалпы көрінісі. [Fig. 3. General view of sagana]


Наустың диаметрі 8 м, сақталған биіктігі 1,23 м. Астыңғы жағына балшықтан шеңбер пішінді платформа дайындалған. Биіктігі 0,52 м. Мұның үстіне қам кесектен екі жерлеу камерасының қабырғасы ішке қарай аздап көлбеу тұрғызылған. Биіктігі 0,71 м. Қабырға бетінен кесектің арасына салынған балшығы айқын байқалады. Жерлеу камераларының көлемдері 2,5x2 м шамасында. Камераларға кіру үшін солтүстік батысқа бағыттала қос дромос жасалған. Екі дромосты қоса есептегендегі көлемі 3x4 м. Ішкі кеңістігі (ені) 0,50 м. Екі дромостың жолы толықтай балшықпен шегенделген. Камераның ішкі кеңістігінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде А жартысындағы жерлеу камерасынан адам сүйектерінің жекелеген бөліктері (қол, аяқ, саусақ) мен қоса қабырғасынан ниша анықталды. Б жартысындағы камерадан ешқандай археологиялық олжа табылмады. Үйіндіде кездескен саз ыдыс бөліктері



мен камерада шашылып жатқан жекелеген адам сүйектері бұл обаның өз кезеңінде тоналғандығын көрсетті (4-сурет).

Мыңтөбедегі наустарды өз ішінде салыстырғанда өз ара ұқсастығы мен айырмашылығының бар екендігі байқалады. Тарқатып айтар болсақ 2022 жылы аршылған наус бір камералы «П» іспетті сәкілі болса, 2017 жылы қазылған наус екі камералы сәкісіз болып келген. Біреуі жалғыз дромоспен, ал екінші бірі қос дромос жабдықталған. Жоспарда екеуіде шеңбер пішінді. Сонымен қатар екі наустың дромостары солтүстік-батысқа бағытталған. 2017 жылы ашылған сағанадан адамның жекеленген сүйектері табылған болатын. Яғни, адам сүйектері *in situ* сақталмағандықтан қаңқалардың бағыты, жатқызылу қалпы жайында мағлұматтар алынбаған еді. Үстіміздегі жылы ашылған наустан жерлеу дәстүріне байланысты құнды деректер алынды. Бұл Мыңтөбе қорымының қылыптасу тарихын, мерзімдік шеңберін, тұрғындардың дүниетанымы мен наным сенімін, жерлеу дәстүрінде орын алған өзгерістер мен ерекшеліктерін және бұрынғы жерлеу дәстүрімен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдау. Қазақстан территориясындағы сағаналардың ең алғашқы үлгілері 1893, 1949, 1951 жылдары Бөріжар қорымынан табылды. Деректерге қарағанда олар жер бетіне қам кесекпен төрт бұрыш пішінде салынған. Кейбір жағдайларда сағананың ішкі камерасында адамның қаңқа сүйектері табылған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Бөріжар қорымында К.Байпаков, Е.Смагулов және А.Ержигитова сынды ғалымдар қазба жұмыстарын жүргізіп көптеген сағаналарды анықтады. Бұлар сол кездегі тұрғындардың жерлеу дәстүрін жаңғыртуға мүмкіндік беретін маңызды табылымдардың легін құрайды. Түркістан облысындағы ең үлкен қорымдардың бірі болып табылатын бұл қорымнан қазіргі кезге дейін жалпы 80-ге жуық сағана аршылып зерттелді (Байпаков, 2005).



4-сурет – науыстың жобасы. [Fig. 4. The project of the sagana]



Ал, 1970 және 1972 жылдары А.Г.Максимова Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі Шаға елді мекенінің маңында орналасқан Шаға қорымында қазба жұмыстарын жүргізіп нәтижесінде №67-68, №75-76, №108 обалардан қам кесек және пахсадан салынған тік төрт бұрышты сағана қабірлерді анықтады. Бұлар бұрыштарымен дүниенің төрт тарапына қаратылған. Көлемі 4x5 м шамасында. Сағаналарды тұрғызуға 50x20-25x9-10 см, 40x25-30x5-10 см көлеміндегі кесектер қолданылған. Кіреберіс дромосы арка тәрізді. Сағаналардың едені немесе сәкілерінің беті лаймен сыланған. Көп жағдайда сағананың ішкі кеңістігінде немесе дромоста адамның жекелеген сүйектері табылды. Археологтардың пікірінше бір сағанаға жерленген мәйіт толықтай еті сүйегінен ажырып қаңқаға айналғаннан кейін орнына жаңа жерлеулер жүзеге асырылған. Бұрынғы сүйектер сағананың бір бұрышына жиналып қойылған немесе ыдысқа салынып құпия орынға қайта жерленген. Дегенмен №68 сағанада үш дана иттің бас сүйегі және дромоста *in situ* сақталған адам қаңқасы анықталды. Жалпы Шағада қазылған сағаналардан бір дана ортасы тесік соғды монетасы, саз ыдыс және темірден жасалған жебе ұшы алынған болатын. А.Г.Максимова табылған заттарға қарай бұл жерлеулерді VII-VIII ғасырларға мерзімдеген (Максимова, 1969: 8).

2002 жылы Е.Смагулов жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сидак қорымындағы алты обада қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде пахсадан салынған төртбұрыш пішінді сағаналар аршылды. Қазба барысында кейбір сағаналардың еденінде және сәкісінде шашылып жатқан жекелеген сүйектер анықталды. Тек №4 сағанада ғана адам қаңқасы *in situ* жағдайда кездесті. Сонымен қатар қоладан жасалған айна, аластау ыдысы және күмістен жасалған айылбас алынды. Е.Смагулов, табылған олжаларды Жетіасар мәдениетінің табылымдарымен салыстыра келе III-IV ғасырларға мерзімдеді (Смагулов, 2011: 129-130).

Ташкент аумағындағы обалар XIX ғасырдың соңына таман зерттеліне бастады. Бұл зерттеулер XX ғасырда да жалғасын тапты. 1959-1960 жылдары Өзбекстан Кеңестік Республикасы тарих және археология институты Т.Агзамходжаев басшылығымен Ташкент қаласынан оңтүстікке қарай 32 шақырым, біздер қазған Мыңтөбе қорымынан шығысқа қарай 60 шақырым қашықта орналасқан Тюябугуз су қоймасы аймағындағы обаларда қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 11 наус аршылып, олардың архитектуралық ерекшелігі мен жерлеу дәстүріне байланысты құнды мәліметтер алынды. Атылған қорымда қазылған 11 наустың барлығы шеңбер пішінде жасалған. Ішкі кеңістігіндегі камерасы төртбұрыш пішінде жоспарланған. Құрылыс материялы ретінде қам кесек және пахса қолданылған. Қабырғалары 1 метрден 2,2 метрге дейінгі қалыңдықта тұрғызылған. Барлық наустың үстіңгі жағы кесектерді қиюластыру арқылы арка іспетті етіп жабылған. Наустың ішкі және сыртқы қабырғалары мен едені саман аралас балышпен 0,1 м қалыңдықта сыланған. Қабырғаларына ниша жасалған. Наустарға кіретін дромостардың бағытталуында бір ізділіктің сақталмағандығы байқалады. Мысалы, оңтүстік, оңтүстік шығыс, оңтүстік батыс, шығыс және солтүстік шығыс қапталдарына дромос жасалған. Қазба жұмыстары барысында наустардың кейбірінен жекелеген адам сүйектері (тек №6 наустан сол қалпында жатқан қаңқалар анықталған) мен қоса, шарықта жасалған саз ыдыстар, оссуарий және фрагменттері, темір тоғалар, мысыр пастасынан жасалған моншақтар, темір пышақтар және т.б. заттар табылған. Енді осы наустардың бірнешеуіне кеңінен тоқатлып өтейік.

№1 наус басқалармен салыстырғанда жақсы сақталған. Жоспарда шеңбер пішінді болып келген. Астыңғы жағына пахса арқылы платформа дайындалған. Мұның үстіне Мыңтөбедегі сияқты аздап ішке қарай көлбеу қабырға тұрғызылған. Диаметрі 8,3 м. Ортасындағы төртбұрыш пішінді камерасы шығыс, батыс бағыты бойынша жоспарланған. Көлемі 2,1x2,95 м. Бұл наустың үстіңгі жағы 40x26x10 см көлеміндегі кесектермен «қиғаш қиюластыру» әдісі арқылы арка тәрізді жабылған. Солтүстік қабырғасының орта тұсына, еденімен бір деңгейге үш ниша жасалған. Нишалардың тереңдігі 0,5 м биіктігі 0,75 м. Шығыс жағындағы дромосы тар және арка тәрізді жасалған. Биіктігі 1,1 м, ұзындығы 3,95 м, ені 0,72 м. Наустың ішкі және сыртқы жағы саман аралас балшықпен 1 см қалыңдықта сыланған. Наустың ішінен бүлінген адамның жекелеген сүйектері, солтүстік батыс бұрыштан шеңбер пішінді темір айылбас және мыстан жасалған жеті жапырақты әшекей бұйымның фрагменті табылған. №2 наустың жоспары шеңбер пішінді. Диаметрі 9,5 м. Камерасы солтүстік шығыс, оңтүстік шығыс бағытында жоспарланған. Көлемі 3x2,35 м. Жанындағы қабырғасының орта тұсына аркалы ниша жасалған. Тереңдігі 0,4 м биіктігі 0,6 м. Оңтүстік шығыс жағындағы дромосының



ұзындығы 3,6 м, ені 0,72 м, биіктігі 1,05 м. Наустан адамның жекелеген сүйектері, солтүстік шығыс қабырғасының жанынан шарықта жасалған тостақ, шығыс қабырғасының маңынан екі дана монета және нишаның ішінен темір пышақ табылған. Қазба жүргізілген №3 наустың жоспары да шеңбер пішінді. Диаметрі 8 м. Солтүстік қабырғасына үш дана аркалы ниша жасалған. Көлемі 0,6x0,6x0,6 м. Наустың оңтүстік қапталына дромос жасалған. Ұзындығы 3 м, ені 0,75 м. Еденнен мысыр пастасынан жасалған екі дана моншақ, темір түйреуіш пен қоса оңтүстік шығыс бұрыштан цилиндр пішінді ассуарий табылған. Астыңғы жағына үш аяқ жабыстырылған. Ассуарийнің бір бетіне керту арқылы ромб тәрізді өрнек түсірілген. Биіктігі 64 см, диаметрі 26-30 см, тесіктірінің көлемі 26x24 см. №9 наустан да ассуарий фрагменттері табылған. Ал, диаметрі 10,2 м келетін №6 науста жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында шарықта жасалған ангобты саз ыдыстармен қатар *in situ* жатқан үш қаңқа анықталған. Бұлардың барлығы шалқасынан жатқызылып екеуінің басы солтүстікке, біреуінің басы оңтүстікке бағытталған (Агзамходжаев, 1962: 71-79).

XX ғасырдың ортасында Ю.Ф. Буряков Ташкент қаласының 42 шақырым оңтүстігіндегі Пскент ауылы маңында орналасқан екі науста қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл жердегі наустар архитектуралық тұрғыдан Мыңтөбе мен Тюябугуздығыларға ұқсайды. Тарқатып айтар болсақ астыңғы жағына пахсадан шеңбер пішінде платформа дайындалып, мұның үстіне 45x24x8 см және 52x27x10 см көлеміндегі қам кесектермен қабырға тұрғызылған. Нысанның ортасында әдеттегідей төртбұрыш пішінде жерлеу камерасы орналасқан.

Қазба жұмысы жүргізілген наустардан бірінің диаметрі 6,6 м. Оңтүстік шығыс қаптындағы дромосы порталды түрде жасалған. Ұзындығы 1,6 м, ені 2,6 м. Камерасының көлемі 2,6x1,8 м. Үстіңгі жағы арка тәрізді етіліп жабылған. Үш қабырғасының периметрі бойынша биіктігі 10 см-лік сәкі жасалған. Камерада бір ересек және бір балаға тиесілі қаңқа анықталған. Дегенмен археологтар бұл наустың ерте кезде тоналғандығын тілге тиек ете келе адам қаңқалары шашылып бүлінгендігін, баланың бас сүйегін кіреберістен тапқандығын атап өтеді. Тоналғанына қарамастан камерада көкшіл мөлдір моншақ, қолда пошымдалған саз ыдыстардың бөлшектері, сыртына тұтқа бекітілген алмұрт пішінді құты табылған. Мұндай құтылар кейінгі қауыншы мәдениетінде көп кездеседі.

Екінші наус шеңбер пішінде жоспарланған. Құрылысына пахса және кесек қолданылған. Төртбұрыш пішіндегі камерасынан екі ассуарий және бір дана ассуарийге тиесілі қақпақ табылған. Саз ыдыстардың қамырына құм қосылып өте жақсы дәрежеде күйдірілген. Бірінші ассуарий көлденең бағытта сопақ, табанынан жоғарыға қарай конус тәрізде пошымдалған. Ұзындығы 63 см, ені 31 см, қақпақсыз есептегендегі биіктігі 37 см. Қақпағымен қоса есептегендегі биіктігі 56 см. Қақпағының тұтқасы бір денелі екі басты зооморф пішінде жасалған. Бұлардың біреуі мүйіздері кері қайырылған ешкі басына ұқсаса, екіншісі арқарға ұқсайды. Ю.Ф. Буряковтың келтірген мәліметтеріне қарағанда зооморф тұтақалардың қауыншы кезеңінде Ташкент облысы аймағына кеңінен таралғандығын, сонымен қатар аналогтары Бухар облысынан, Ферғана даласынан және Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен табылғандығын аңғаруға болады. Аты аталған зерттеуші Пскент науысынан табылған қақпақтың тұтқасына шынайы және стильдендірілген аңдар бейнеленген дей келе наустарды б.з. 5 ғасырға мерзімдеген (Буряков, 1968: 131-136).

Қорытынды. Қаңлылар қазақ халқының қалыптасуына ұйытқы болған тайпалардың бірі десек қателеспейміз. Тарихи деректер қаңлылардың Талас өзені аңғарын, Қаратаудың етектерін, Ташкент жазирасын, Сырдария, Қуандария және Жаңадария аймақтарын мекендегендігін жазады. Географиялық орналасуы мен өмір сүрген аймақтары көшпелі және отырықшы мәдениеттердің тоғысқан тұсына сәйкес келеді. Сондықтан қаңлы тайпалары қалалармен обалы қорымдарды біздерге мұра ретінде қалдырған. Обаларда жүргізілген зерттеу жұмыстары біздерге қайтыс болғандардың катакомба және сағана қабірлерге жерлегендігін көрсетті. Ғалымдардың пікіріне қарағанда катакомбалар б.з.б. 1 - б.з. IV ғасырларына дейінгі аралықта қолданылса, сағаналар IV-VIII ғасырлар аралығында қолданылған. Бұл екі қабір түрінде атқарылған жерлеу жоралғыларының өзіндік ерекшеліктері бар. Катакомба қабірлерде қайтыс болған адамдар жер қойнауына салынса, жерлеудің екінші түрі бойынша жер бетіне салынған құрылыстарға, яғни наусқа салынған.

Мақалада қарастырған Мыңтөбе мен Ташкент маңындағы наустардың арасында өз ара ұқсастықпен айырмашылықтардың бар екендігі байқалады. Ұқсас тұстары архитектуралық



жағында басым түседі. Атап айтар болсақ наустардың шеңбер пішінде жоспарлануы, құрылыс материялы ретінде пахса және кесек қолданылуы, қабырғалардың периметрі бойынша сәкілер жасалуы, қабырғаларда нишалардың болуы екі аймақтағы наустардың ұқсас тұсын құрайды. Сонымен қатар жерлеу дәстүрінде де ұқсастық байқалады. Бұл бойынша Мыңтөбе (№2 науыс) мен Тюябугуздағы (№6 науыс) қаңқалардың шалқасынан жатқызылып бастарының оңтүстікке бағытталуын, Пскенттегі науыспен Мыңтөбедегі №2 науыстан анықталған оттың іздерін айтуға болады. Ал, екі аймақтың айырмашылығы ретінде Ташкент маңындағы наустардан табылған оссуарийлерді айту керек. Біздер қазған Мыңтөбедегі наустардан оссуарий табылған жоқ. Бұған жерлеу нысандарының бұрынғы кезде тоналуды немесе Мыңтөбедегі тұрғындардың сенімі мен дүниетанымы себеп болуы мүмкін. Шын мәнісінде Ташкенттегі наустардан табылған оссуарийлер жерлеу құрылысының бұл түрі зороастризммен байланысты ма деген ой туындатады. Жалпы Орта Азия археологиясымен айналысатын ғалымдардың басым көпшілігі наустарды «зороастризммен» байланыстыра отырып археологиялық деректер негізінде функциясына байланысты өз пікірлерін ұсынған. Мысалға кейбір ғалымдардың пікірінше наустарда мәйіттер еті сүйегінен ажыранға дейін жатқан, осыдан кейін сүйектер күнделікті қолданыстағы ыдысқа немесе арнайы ыдысқа (урна, оссуарий) салынып немесе матаға оралып арнайы орынға жерленген. Наустар «мәңгілік жерлеу орны» ретінде емес зороастризм дініндегі «дахма» қызметін атқарған. Басқаша айтқанда науска жерленген мәйіт тек қана еті сүйегінен ажырағанға дейін жатқан. Егер әулеттен бір кісі қайтыс болса бұрынғы сүйектер наустың бір бұрышына жиналып қойылған немесе ыдысқа салынып құпия орынға қайта жерленген. Осы кезде ұсақ сүйектер наустың ішінде қалып қойған. Бұл гипотеза наустардан алынған жерлеу процесінің аяқталуын білдірмейтін тек орталық, сонымен қатар аралық жерлеу жоралғыларын көрсететін жағдайларға байланысты негізделген. Расында да Ташкент аймағындағы Пскент науысынан үш дана оссуарий табылған болатын. Зардушт сенімі бойынша мәйіттер дүниедегі ен лас қалдық болып табылады. Сондықтан өлгендер топыраққа көмілмейді, суға салынбайды, отқа жағылмайды. Қайтыс болғандар «дахма» атты орынға қойылып ит-құсқа жем етіледі. Сүйегі етінен ажырағаннан кейін сүйектері жиналып оссуарийге салынып жерленеді (Акылбек, Гурсой, 2022: 98). Дегенмен осы кезге дейін зерттелген наустардың көпшілігінде адамның сүйектері анатомиялық қалыпта немесе бір жерге үйілген жағдайда кездескен. Сонымен қатар жаңа жерлеулерді жүзеге асырар алдында бұрынғы сүйектердің дәлізге төгілгендігі және сәкілерге жаңа мәйіттер қойылғандығы аңғарылған. Тағы бір айта кететін жайт біздер қазған Мыңтөбедегі наустар оба пішініндегі топырақ үйінділердің астында жатқан болатын. 2022 жылы қазылған наустан баяғы қалпын сақтаған бір қаңқа аршылған еді. Осындай археологиялық мәліметтер наустар «дахма» қызметін атқарды деген пікірлерге қарама қайшы түссе керек.

Әдебиеттер тізімі

- Агеева, Пацевич, 1958 — *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. 1958. Т5. С. 41-42.
- Агзамходжаев, 1962 — *Агзамходжаев Т.* Тюябугузские наусы // История материальной культуры Узбекистана. 1962. №3. С. 71-79.
- Акылбек, Гурсой, 2022 — *Акылбек С.Ш., Гурсой М.* Култовые помещения на городище Культобе // Поволжская Археология. 2022. №2 (40). С. 89-101.
- Байпаков, Смагулов, Ержигитова, 2005 — *Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А.* Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы: Баур, 2005. С. 224.
- Богомоллов, 2005 — *Богомоллов Г.И.* Узбекистон тарихи моддий маданият ва ёзма манбаларда. Фан нашриёти, 2005. С.187 – 196.
- Борисов, 1940 — *Борисов А. Я.* О значении слова «наус» // Труды Отдела Востока Государственного Эрмитажа. Том III. 1940. С. 301-311.
- Буряков, 1968 — *Буряков Ю.Ф.* Пскентские наусы // Советская археология. 1968. №3. С. 131-136.
- Вревский, 1895 — *Вревский А.Б.* (под. ред.). Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г. Ташкент: 1895. С. 4-5.



Григорьев, 1935 — *Григорьев Г.В.* Отчет об археологической разведке в Янгиюльском районе УзССР в 1934 г. // Узбекистанского Комитета по охране и изучению памятников материальной культуры. Ташкент: 1935. С. 3-42.

Жетібаев, Сиздиқов, Гурсой, 2020 — *Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., Гурсой М.* Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси – әлеуметтік ғылымдар» сериясы. 2020. №3 (66). С. 409-419.

Итина, Яблонский, 2001 — *Итина М.А., Яблонский Л.Т.* Мовзелеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. Восточная литература. Москва: 2001. С. 295.

Козыбаев, 2010 — *Козыбаев М.К.* отв. ред. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Том I. Алматы: Атамура, 2010. С. 548.

Краваевъ, 1914 — *Краваевъ В.Ф.* Голодная степь в ее прошлом и настоящем // Материалы исследования к проекту орошения Голодной и Дальверзинской степей. 1914. Выпуск 1. С. 8-25.

Қуандықов, Байпақов, Құрманқұлов, 2011 — *Қуандықов Б., Байпақов К., Құрманқұлов Ж.* (под. ред). Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 б.

Левина, 1971 — *Левина Л.М.* Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тыс. н.э. Москва: Издательство Наука, 1971. С. 242.

Литвинский, Седов, 1983 — *Литвинский Б.А., Седов А.В.* Тепаи – Шах. Культура и связи кушанской Бактрии Москва: Наука, 1983. С. 205.

Максимова, 1974 — *Максимова А.Г.* Гробницы типа науса у с.Чага // В глуб веков. Алма – Ата: 1974. С. 95-118.

Максимова, 1969 — *Максимова А.Г.* Отчет о работе Южно-Каратауского курганного отряда Отрарской археологической экспедиции 1969 г // А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары. 1969. Дело 1117. С. 8-11.

Максимова и дру. 1968 — *Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М.* Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алматы: Издательство Наука Казахской ССР, 1968. С. 252.

Нурғалиев, 1994 — *Нурғалиев Р.Н.* (под.ред.). Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно – Казахстанская область. Алматы: Қазақ Энциклопедиясы, 1994. С. 223-224.

Остроумов, 1891 — *Остроумов Н.П.* Отчет Императорской Археологической Комиссии за 1882-1888 гг. Санкт Петербург: 1891.

Подушкин, 2000 — *Подушкин А.Н.* Арыская культура Южного Казахстана IV в.до.н.э. – VI в.н.э. Туркестан: Издательский центр МКТУ им. Х.А.Яссави, 2000. С. 201.

Подушкин, 2019 — *Подушкин А.Н.* Новые археологические комплексы могильников Кылышжар и Мынтобе // Маргулановские чтения. Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. Нур-Султан: 2019. С.153-169.

Подушкин, Донец 2018 — *Подушкин А.Н., Донец А.Г.* О первоначальном исследовании археологических объектов урочище Мынтобе // «Қазақстанның тарихи мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х Оразбаев окулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 2018. С. 99-104.

Рапопорт, Неразик, Левина 2000 — *Рапопорт Ю.А., Неразик Е.Е., Левина Л.М.* В низовьях Окса и Яксарта. Москва: ИНДРИК, 2000. С. 384.

Руднев, 1900 — *Руднев А.О.* Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. год V. Ташкент: 1900. С. 57-62.

Самашев, Әбу 2007 — *Самашев З., Әбу А.* Археологиялық сөздік. Алматы: 2007.

Смагулов, 2011 — *Смагулов Е.А.* Наземные склепы Борижарского могильника // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3 – ші шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: 2011. С. 119-141.

Смирнов, 1896 — *Смирнов Е.Т.* Древности в окрестностях Ташкента // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Вып. 1. Ташкент: 1896. С. 7-17.

Толстов, 1948 — *Толстов С.П.* По следам древне Хорезмийской Цивилизации. Москва-Ленинград: Наука, 1948. С. 317.



Яблонский, 2010 — Яблонский Л.Т. Переход к зороастрийскому погребальному обряду у скотоводов Хорезма // Древние культуры Евразии. Санкт-Петербург: 2010. С.252-258.

References

- Ageeva, Pacevich 1958 — Ageeva E.I., Pacevich G.I. From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan // Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography. 1958. T5. Pp. 41-42. [In Russian]
- Agzamhodzhaev 1962 — Agzamhodzhaev T. Tuyabuguz nauses // History of material culture of Uzbekistan. 1962. №3. Pp. 71-79. [In Russian]
- Akylbek, Gursoy 2022 — Akylbek S.Sh., Gursoy M. Religious premises at the settlement of Kultobe // Povolzhskaya Arheologiya. 2022. №2 (40). Pp. 89-101.
- Baypakov, Smagulov, Erzhigitova 2005 — Baypakov K.M., Smagulov E.A., Erzhigitova A.A. Rannesrednevekoveye nekropoli Early medieval necropolises of Southern Kazakhstan. Almaty: Baur, 2005. P. 224. [In Russian]
- Bogomolov, 2005 — Bogomolov G.I. History of Uzbekistan in material culture and written sources. Fan nashriyoti, 2005. C.187 – 196. [In Russian]
- Borisov, 1940 — Borisov A. Ya. On the Meaning of the Word "Naus" // Proceedings of the State Hermitage's Department of the East. Tom III. 1940. Pp. 301-311. [In Russian]
- Buryakov, 1968 — Buryakov Yu.F. Pskent nauses // Sovetskaya arheologiya. 1968. №3. Pp. 131-136. [In Russian]
- Grigor'ev, 1935 — Grigor'ev G.V. Report on archaeological exploration in the Yangiyul region of the Uzbek SSR in 1934 // Uzbekistan Committee for the Protection and Study of Monuments of Material Culture. Tashkent: 1935. Pp. 3-42. [In Russian]
- Itina, Yablonskiy, 2001 — Itina M.A., Yablonskiy L.T. Mausoleums of Northern Tagisken. Late Bronze Age of the Lower Syr Darya. Eastern literature. Moskva: 2001. P. 295. [In Russian]
- Kozybaev, 2010 (ed.) — Kozybaev M.K. otv. red. History of Kazakhstan. From ancient times to the present. Tom I. Almaty: Atamura, 2010. P. 548. [In Russian]
- Kravaev, 1914 — Kravaev' V.F. Hungry steppe in its past and present // Research materials for the project of irrigation of the Hungry and Dalverzin steppes. 1914. Vypusk 1. Pp. 8-25. [In Russian]
- Kuandykov, Baypakov, Kurmankulov, 2011 — Kuandykov B., Baypakov K., Kurmankulov Zh. (pod. ped). Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region. Almaty: Aruna, 2011. 504 p.
- Levina, 1971 — Levina L.M. Ceramics of the lower and Middle Syrdarya in the I millennium AD. Moskva: Izdatel'stvo Nauka, 1971. Pp. 242. [In Russian]
- Litvinskiy, Sedov, 1983 — Litvinskiy B.A., Sedov A.V. Tepai Shah. Culture and connections of Kushan Bactria. Moskva: Nauka, 1983. P. 205. [In Russian]
- Maksimova, 1974 — Maksimova A.G. Tombs of the Naus type near the village of Chaga // In the depths of centuries. Alma – Ata: 1974. Pp. 95-118. [In Russian]
- Maksimova, 1969 — Maksimova A.G. Report on the work of the Yuzhno-Karatau kurgan detachment of the Otrar archaeological expedition of 1969 // Archival materials of the Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan. 1969. Delo 1117. Pp. 8-11. [In Russian]
- Maksimova, et al., 1968 — Maksimova A.G., Mershiyev M.S., Vajenberg B.I., Levina L.M. Antiquities of Chardara (Archaeological research in the area of the Chardara reservoir). Almaty: Izdatel'stvo Nauka Kazahskoy SSR, 1968. P. 252. [In Russian]
- Nurgaliev, 1994 — Nurgaliev R.N. (pod.red.). A set of historical and cultural monuments of Kazakhstan. South Kazakhstan region. Almaty: Kazak Eenciklopediyasy, 1994. Pp. 223-224. [In Russian]
- Ostroumov, 1891 — Ostroumov N.P. Report of the Imperial Archaeological Commission for 1882-1888. Sankt Peterburg: 1891. [In Russian]
- Podushkin, 2000 — Podushkin A.N. Arys culture of Southern Kazakhstan IV century BC – VI century AD. Turkestan: Izdatel'skiy centr MKTU im. H.A.Yassavi, 2000. P. 201. [In Russian]
- Podushkin, 2019 — Podushkin A.N. New archaeological complexes of Kylyshzhar and Myntobe burial grounds // Margulan's readings. Materials of the International Archaeological Scientific and Practical Conference dedicated to the 95th anniversary of the birth of the outstanding Kazakh archaeologist K.A. Akisheva. Nur-Sultan: 2019. Pp.153-169. [In Russian]



Podushkin, Donec, 2018 — *Podushkin A.N., Donec A.G.* About the initial study of archaeological sites of the Myntobe tract // Proceedings of the international scientific-methodological conference "X Orazbayev readings" entitled "Historical and cultural heritage of Kazakhstan: problems of research, interpretation and preservation". Almaty: «Kazak universiteti», 2018. Pp. 99-104. [In Russian]

Rapoport, Nerazik, Levina, 2000 — *Rapoport Yu.A., Nerazik E.E., Levina L.M.* Lower reaches of the Oxus and Jaxartes. Moskva: INDRIK, 2000. P. 384. [In Russian]

Rudnev, 1900 — *Rudnev A.O.* Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers. Year V. Tashkent: 1900. Pp. 57-62. [In Russian]

Samashev, Abu, 2007 — *Samashev Z., Abu A.* Archaeological dictionary. Almaty: 2007.

Smagulov, 2011 — *Smagulov E.A.* Ground crypts of the Borizhar burial ground // Problems of archeology of Kazakhstan. 3rd edition. A collection of scientific articles. Almaty: 2011. Pp. 119-141. [In Russian]

Smirnov, 1896 — *Smirnov E.T.* Antiquities in the vicinity of Tashkent // Protocols of the Turkestan circle of lovers of archeology. Vyp. 1. Tashkent: 1896. C. 7-17. [In Russian]

Tolstov, 1948 — *Tolstov S.P.* In the footsteps of the Ancient Khorezmian Civilization. Moskva-Leningrad: Nauka, 1948. P. 317. [In Russian]

Vrevskiy, 1895 — *Vrevskiy A.B.* (pod. red.). Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers. Year V. Tashkent: 1895. Pp. 4-5. [In Russian]

Yablonskiy 2010 — *Yablonskiy L.T.* Transition to the Zoroastrian funeral rite among the pastoralists of Khorezm // Ancient cultures of Eurasia. Sankt-Peterburg: 2010. Pp. 252-258. [In Russian]

Zhetibaev, Sizdikov, Gursoy, 2020 — *Zhetibaev K.M., Sizdikov B.S., Gursoy M.* Results of archaeological research carried out in the myntobe necropolis // Bulletin of Abai KazNPU, "History and political and social sciences" series. 2020. №3 (66). Pp. 409-419.



Мазмұны 2023 № 26 (1)

**ӘДІСНАМА
бөлімі**

<i>1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.</i> АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
--	---

ТАРИХ бөлімі

<i>2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.</i> СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....	15
---	----

<i>3. Айдарбаева Р.Қ.</i> 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
---	----

<i>4. Оралова А.А., Қара Ә.</i> ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.)	43
--	----

<i>5. Турлыбекова А.М., Мусагажимова А.А., Жакупов М.О.</i> ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
--	----

<i>6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.</i> 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	72
---	----

<i>7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.</i> АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	83
---	----

<i>8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....	93
--	----

<i>9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.</i> БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
--	-----

<i>10. Ильясова Г.С., Садыков Т.С.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	120
---	-----

<i>11. Ким Г.Н.</i> ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....	132
---	-----

**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ
бөлімі**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
--	-----



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӨНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyassova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



Раздел
АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
<i>13. Мионг С.О., Чан Б.С.</i> ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ: ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....	163
<i>14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.</i> ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	173
<i>15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.</i> МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....	190



CONTENT 2023 № 26 (1)

**Section
METHODOLOGY**

1. <i>Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.</i> ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....	5
--	---

**Section
HISTORY**

2. <i>Muminov A.K., Utepbergenova U.A.</i> SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....	15
---	----

3. <i>Aydarbayeva R.K.</i> 1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....	30
--	----

4. <i>Oralova A.A., Kara A.</i> PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....	43
---	----

5. <i>Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.</i> THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....	58
--	----

6. <i>Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.</i> SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....	72
--	----

7. <i>Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.</i> NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
--	----

8. <i>Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.</i> HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
--	----

9. <i>Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.</i> HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S FORMATION.....	108
--	-----

10. <i>Ilyassova G.S., Sadykov T.S.</i> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
--	-----

11. <i>Kim G.N.</i> CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....	132
--	-----



Section
ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY

12. *Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.*
ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....144
13. *Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.*
THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA:
DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY163
14. *Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.*
HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY
AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....173
15. *Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.*
IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS
IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....190



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
